

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы-ректоры у.м.а
Сүтірбаева Г.Д.
« 09 » 08 2024ж.

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҚПУ ПРОФЕССОР –ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ
ИНДИКАТИВТІК ЖОСПАР БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРІН БАҒАЛАУ РЕЙТИНГТЕРІН
АНЫҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ
ЕСЕП**

ШЫМКЕНТ-2024

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Регламентіне сәйкес Аккредитация және мониторинг бөлімі 2024 жылдың маусым айында ОҚПУ профессор-оқытушыларының 2023-2024 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштердің орындалуы және оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттер рейтингісінің қорытындылары анықталды.

Индикативтік жоспарларын орындау нәтижелерін оқытушы-профессорлардың қызметтерін бағалау рейтингтерін анықтау үшін 105 көрсеткіш қолданылды, оның ішінде академиялық бағыт бойынша 23 түрлі көрсеткіштерге, ғылыми бағыты бойынша 63 түрлі көрсеткіштерге, тәрбие және жастар саясаты бағыты бойынша 12 түрлі көрсеткіштерге сәйкес бағалау балллары анықталып бекітілді. Кафедралар меңгерушілерінің жұмысын бағалайтын 7 көрсеткіштен тұратын Индикативті жоспарларының орындалу нәтижесінде жиналған рейтинг балдар анықталды.

Университеттің ОПҚ құрамы өз бетінше Индикативтік жоспар КРІ автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жеке логин паролдары арқылы кіріп, академиялық бағыт, ғылыми бағыты, тәрбие және жастар саясаты бағыттары бойынша өздерінің еңбектерін енгізді.

Ұсынылған көрсеткіштер бойынша оқытушы-профессорларының қызметін бағалау индикативтік жоспар көрсеткіштерін анықтау үшін төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Индикативтік жоспар анықтау жұмысын автоматтандыру мақсатында арнайы КРІ жүйесі жұмыс жасады.
2. Базаға университеттің факультеттері, кафедралары, профессор-оқытушылар жайлы анықтамалық мәліметтер енгізілді, кейіннен әр оқытушының рейтингін анықтауға қажетті сандық мәліметтер енгізілді.
3. Базадағы мәліметтердің оқытушы-профессорлардың дәлелді құжаттардың скан-көшірмелері тексерілді.
4. Аталған жұмыстардың нәтижесінде оқытушы-профессорлардың қызметтерінің индикативтік көрсеткіштері автоматты түрде бағаланды.
5. Рейтинг көрсеткіштері жайлы университет, факультет және кафедра бойынша автоматты түрде нәтижелік есептер алынды.

Университет бойынша алынған ОПҚ рейтинг көрсеткіштерін талдау барысында төмендегі мәлімет анықталды:

1. ОПҚ-ның рейтингтері бойынша ең жоғары көрсеткіш –**1358,50** балл (2021-2022 оқу жылында **1525** балл, 2022-2023 оқу жылында **1940** балл);
ең төменгі көрсеткіш –**2.00** балл
(2021-2022 оқу жылында **20** балл, 2022-2023 оқу жылында **20** балл).

2. Рейтингі жоғары алғашқы 10 оқытушы-профессорлар анықталды:

№	Аты-жөні	Қызметі	Жалпы балл
1	Иманбаев Нурлан Сайрамович	«Математика» кафедрасының профессоры, ф-м.ғ.к.	1358,50
2	Абдуразова Перизат Адилбековна	Интернационалдандыру офисі бөлімінің басшысы, қауымдастырылған профессор, PhD	1111,90
3	Найманбаев Бекмурат Рахимбердиевич	«Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының профессоры, т.ғ.д.	1049,30
4	Нұрیمان Бекарыс Тілегенұлы	Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы м.а., қауымдастырылған профессор, PhD	821,00
5	Уалиханова Баян Сапарбековна	«Физика» кафедрасының меңгерушісі м.а., PhD	791,00
6	Кадирбаева Роза Изтлеуовна	«Математика» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.	707,00
7	Мынбаева Акбилек Пазылхановна	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доцент м.а., PhD	700,50
8	Дуйсенова Маржан Молдакасымовна	«Ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы, PhD	698,00
9	Мадыбекова Галия Муталиевна	«Химия» кафедрасының профессоры, х.ғ.к.	673,14
10	Дмитрюк Наталья Васильевна	«Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры, ф.ғ.к.	583,00

3. Рейтингі жоғары алғашқы оқытушылардың көрсеткіші 2022-2023 оқу жылында 1940 балл болса, биылғы жылы 1358,50 балл болды. 2022-2023 оқу жылының Рейтинг көрсеткіштері 1001 балдан жоғары болған ОПҚ-ның саны 12 болса, 2023-2024 оқу жылының Рейтинг көрсеткіштері 1001 балдан жоғары болған ОПҚ-ның саны 3 болды.

2023-2024 оқу жылында жоғары орынға ие болған **Иманбаев Нурлан Сайрамович** Ұлттық Ғылыми Кеңестің мүшесі, ғылыми-педагогикалық кадр дайындау мен ғылымды дамыту мақсатында өңір ғалымдарының

қатысуымен тұрақты ғылыми-әдіснамалық семинардың төрағасы, диссертациялық кеңестің мүшесі, аттестациялық комиссиясының төрағасы, ҚР ҒжЖБМ ғылым комитетінің 1 гранттық қаржыландыратын ғылыми жобаның жетекшісі, Хирш көрсеткіші Scopus базасында 8. Coursera онлайн курстары платформасы базасында кәсіби қызметі бойынша шет тілінде 1 жаппай ашық онлайн курстан оқудан өтті, Scopus базасында тіркелген импакт-факторы жоғары ғылыми журналдарда бірінші және жеке автор ретінде 3 мақала жариялау арқылы жетістіктерге жетті.

Екінші орынға ие болған **Абдуразова Перизат Адилбековна** Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері, Coursera онлайн курстары платформасы базасында кәсіби қызметі бойынша шет тілінде 3 жаппай ашық онлайн курстан оқудан өтті, 4 авторлық куәліктеріне ие болған, Scopus базасында тіркелген импакт-факторы бар ғылыми журналда 2 мақала жариялады, ҚР ҒжЖБМ ғылым комитетінің 3 гранттық қаржыландыратын ғылыми жобасының орындаушысы, Хирш көрсеткіші Scopus базасында 5, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік ЖОО-да 3 рет дәріс оқыған. ҒжЖБМ білім және ғылым сапасын қамтамасыз ететін комитеті (БҒСҚК) ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда 3 мақала жариялады. ОҚПУ-нің ғылыми кеңесі шешімімен бекітілген 1 монография және 1 электронды оқу құралын шығарды.

Найманбаев Бекмурат Рахимбердиевич үшінші орынға ҚР Ғылым және Жоғары Білім Министрінің Алғыс хатымен марапатталған, Coursera онлайн курстары платформасы базасында кәсіби қызметі бойынша шет тілінде 3 жаппай ашық онлайн курстан оқудан өтті, 6 авторлық куәліктеріне ие болған, Web of Science және Scopus базаларында тіркелген импакт-факторы жоғары ғылыми журналдарда 2 мақала жариялады, Хирш көрсеткіші 5, ҚР ҒжЖБМ білім және ғылым сапасын қамтамасыз ететін комитеті (БҒСҚК) ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда 2 мақала жариялады, периодты республикалық (БҒСҚК тізіміне кірмейтін) басылымдарда 2 ғылыми еңбектерін жариялаған. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік ЖОО-да 2 рет дәріс оқыған. Шымкент қаласының әкімдігінің жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссиясының жұмыс тобының бағыты бойынша жетекшісі. ОҚПУ-нің ғылыми кеңесі шешімімен бекітілген 1 монография және 1 электронды оқу құралын шығарды.

4. Рейтинг көрсеткіштеріне сәйкес категорияға бөліну.

- Рейтинг көрсеткіштері бойынша ең жоғары балл алған ОПҚ-ның саны – 1 (жоғары категория);
- Рейтинг көрсеткіштері бойынша 2-10 орын алған ОПҚ-ның саны – 9 (бірінші категория);
- Рейтинг көрсеткіштері бойынша 11-20 орын алған ОПҚ-ның саны – 10 (екінші категория);
- Рейтинг көрсеткіштері бойынша 21-40 орын алған ОПҚ-ның саны – 20 (үшінші категория).

5. Университет бойынша.

Штат саны	Ғылым	Академиялық	ТжЖС	Жалпы балл	Орта балл
360	25860.33	14963.17	1179.18	42002,69	116,67

**6. Жалпы рейтингке қатысқан университет бойынша
ОПҚ саны –290**

Жалпы **2022-2023 оқу жылы** рейтингке қатысқан университет бойынша **ОПҚ саны – 276 болса, 2023-2024 оқу жылы** рейтингке қатысқан университет бойынша **ОПҚ саны – 290. Салыстырмалы түрде ОПҚ саны 14-ге жоғарлады.**

7. Факультеттер арасында рейтингтің жалпы орта баллы бойынша 1-орынды **«Жаратылыстану»** факультеті, 2-орынды **«Физика-математика»** факультеті, 3-орынды **«Филология»** факультеті иеленді.

№	Факультет атауы	Штат саны	Академиялық бағыт	Ғылыми бағыт	ТжЖС	Жалпы балл	Орта балл
1	Жаратылыстану	53	3105,00	5991,04	242,50	9338,54	176,20
2	Физика-математика	45	1390,51	5692,28	107,07	7189,86	159,78
3	Филология	85	4237,51	6289,09	289,75	10816,35	127,25
4	Тарих және педагогика	89	4206,90	5157,94	281,48	9646,32	108,39
5	Өнер және білім	54	1584,00	2122,35	191,39	3897,74	72,18
6	Дене шынықтыру және спорт	34	439,25	607,63	67,00	1113,88	32,76

2022-2023 оқу жылы Факультеттер арасында рейтингтің жалпы орта баллы бойынша 1-орынды **«Жаратылыстану»** факультеті, 2-орынды **«Физика-математика»** факультеті, 3-орынды **«Тарих және педагогика»** факультеті иеленген болатын.

«Филология» факультеті 4-ші орыннан 3-ші орынға көтерілді.

7. Факультет бойынша ең жоғарғы рейтинг көрсеткен профессорлар-оқытушылар:

№	Факультет атауы	Оқытушы-профессордың аты-жөні	балл
1	Физика-математика	Иманбаев Нурлан Сайрамович	1358,50
2	Жаратылыстану	Абдуразова Перизат Адилбековна	1111,90
3	Тарих және педагогика	Найманбаев Бекмурат Рахимбердиевич	1049,30
4	Филология	Мынбаева Акбилек Пазылхановна	700,50
5	Өнер және білім	Небесаева Жанар Орынбековна	545.50
6	Дене шынықтыру және спорт	Шегенбаев Нуркасим Бейсенбаевич	191.25

8. Кафедралар арасында рейтингтің жалпы орта баллы бойынша 1-ші орынды «Химия» кафедрасы, 2-ші орынды «Математика» кафедрасы, 3-ші орынды «Физика» кафедрасы иеленді.

№	Кафедра атауы	Штат саны	Академиялық бағыт	Ғылыми бағыт	ТжЖС	Жалпы балл	Орта балл
1	Химия кафедрасы	19	1041,00	3136,30	49,00	4226,30	222,44
2	Математика кафедрасы	14	397,50	2580,01	14,50	2992,01	213,72
3	Физика кафедрасы	10	219,00	1448,00	9,00	1676,00	167,60
4	Шетел тілдері кафедрасы	17	1497,51	1177,04	52,17	2726,72	160,40
5	Әлем тарихы және дінтану кафедрасы	14	939,90	1142,00	119,75	2201,65	157,26
6	Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы	19	1241,00	1641,80	102,67	2985,47	157,13
7	Биология кафедрасы	23	1194,00	2181,34	103,00	3478,34	151,24
8	География кафедрасы	11	870,00	673,40	90,50	1633,90	148,54

9	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы	18	1346,00	1212,52	80,53	2639,05	146,62
10	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы	25	981,50	2246,24	95,25	3322,99	132,92
11	Информатика кафедрасы	21	774,01	1664,27	83,57	2521,85	120,08
12	Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы	17	480,50	1471,41	31,29	1983,20	116,66
13	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы	19	679,50	1227,24	89,39	1996,13	105,06
14	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	11	757,50	281,60	81,50	1120,60	101,87
15	Педагогика кафедрасы	21	1097,00	952,01	35,90	2084,91	99,28
16	Ағылшын тілі кафедрасы	24	517,50	1224,01	39,67	1781,18	74,22
17	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасы	12	305,25	234,61	24,50	564,36	47,03
18	Психология кафедрасы	19	343,50	380,00	14,00	737,50	38,82
19	Музыкалық білім кафедрасы	24	147,00	613,51	20,50	781,01	32,54
20	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы	22	134,00	373,02	42,50	549,52	24,98

Кафедралар арасында рейтингтің жалпы орта баллы бойынша 2022-2023 оқу жылында 1-ші орынды «Химия» кафедрасы, 2-ші орынды «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасы, 3-ші орынды «Педагогика» кафедрасы иеленген болатын.

«Математика» кафедрасы 7-ші орыннан 2-ші орынға көтерілді, «Физика» кафедрасы 10-ші орыннан 3-ші орынға көтерілді.

Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылында кафедралар меңгерушілерінің жұмысын бағалайтын 7 көрсеткіштен тұратын Индикативті жоспарларын орындау нәтижесінде жиналған рейтинг балдар тізімі:


№	Кафедра меңгерушісі	Кафедра атауы	Факультет	Рейтинг балы
1	Орынбетова Э.А.	Орыс тілі мен әдебиеті	Филология	440.00
2	Сулейменова Л.А.	Информатика	Физика-математика	340.00
3	Жетпісбаева Г.О.	Математика	Физика-математика	300.00
4	Успабаева А.А.	Биология	Жаратылыстану	230.00
5	Исатаева Г.Б.	География	Жаратылыстану	200.00
6	Орынбасарова Г.Ж.	Әлем тарихы және дінтану	Тарих және педагогика	200.00
7	Есназар А.Ж.	Бастауышта оқыту әдістемесі	Тарих және педагогика	140.00
8	Уалиханова Б.С.	Физика	Физика-математика	110.00
9	Байгутова Д.Н.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Филология	110.00
10	Досбаганбетова А.Т.	Музыкалық білім	Өнер және білім	110.00
11	Сыздыкова Г.М.	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	Тарих және педагогика	100.00
12	Сманова Г.И.	Ағылшын тілі	Филология	10.00
13	Шаграева Б.Б.	Химия	Жаратылыстану	0.00
14	Буркитбаев Т.С.	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	Өнер және білім	0.00

15	Оразова А.О.	Педагогика	Тарих және педагогика	0.00
16	Исманова Р.Ж	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Тарих және педагогика	0.00
17	Булетова Л.А.	Психология	Тарих және педагогика	0.00
18	Дилдабекова А.Т.	Шетел тілдері	Филология	0.00
19	Испандиярова А.М.	Дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі	Дене шынықтыру және спорт	0.00
20	Шегенбаев Н.Б.	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	Дене шынықтыру және спорт	0.00


Факультеттер арасында кафедра меңгерушілерінің жұмыс нәтижелері бойынша 2023-2024 оқу жылында орындалған Индикативті жоспарларының орташа рейтинг балдарының тізімі:

№	Факультет атауы	Деканның аты-жөні	Орташа рейтинг балы
1	Физика-математика	Ибашова Альмира Байдибековна	750
2	Жаратылыстану	Айтбаева А.Е.	143,3
3	Филология	Масалиева Жанар Аамалбаевна	140
4	Тарих және педагогика	Таутаева Гульдарига Батыршаевна	88
5	Өнер және білім	Байбатшаева Айдайкыз Еркінбековна	36,6
6	Дене шынықтыру және спорт	Турыскулов Умиралн Жусиповнч	0


**Оқытушы-профессорлардың
2022-2023, 2023-2024 о.ж.
рейтинг көрсеткіштерінің динамикасы**




**2023-2024 жж. рейтингі жоғары алғашқы 10 оқытушы-
профессорлар құрамы**




Факультеттер арасында рейтингтің жалпы орта балы




Факультеттер арасында академиялық бағыт, ғылыми бағыт, тәрбие және жастар саясаты бағыттарының жалпы орта көрсеткіштері




Факультет бойынша ең жоғарғы рейтинг көрсеткен профессорлар-оқытушылар




Кафедралар арасында рейтингтің жалпы орта балы




Кафедралар арасында академиялық бағыт, ғылыми бағыт, тәрбие және жастар саясаты бағыттарының жалпы орта балы



2023-2024 оқу жылында кафедралар меңгерушілерінің жұмысын бағалайтын Индикативті жоспарларын орындау нәтижесі (рейтинг балдар)



Факультеттердің 2023-2024 оқу жылындағы орташа рейтинг балдары



**Оқытушы-профессорлардың рейтингтік көрсеткіштерін категориялар бойынша
SWOT талдау**

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- «Болашақ» бағдарламасы бойынша халықаралық стипендиаттардың көбейуі; - ОПҚ-ның ғылыми журналдар мен жинақтарда мақалалар жариялауының артуы. (РИНЦ, алыс және жақын шетелдік басылымдарда, ҚР ҒжЖБМ білім және ғылым сапасын қамтамасыз ететін комитеті ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда, ЖОО-ның, аймақтық және салалық басылымдарда); - Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn онлайн курстары платформалары базасында ағымдық жылдағы кәсіби қызметі бойынша шет тіліндегі жаппай ашық онлайн курстар платформасы базасы бойынша оқудан өту сертификаттардың саны артуы; - ОПҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмыстарын (конференция, семинар) ұйымдастыруға қатысуы; - ОПҚ-да жетістіктер мен марапаттардың болуы; - Академиялық ұтқырлық бойынша басқа ЖОО-ға дәріс беріп қайтқан оқытушы-профессорлар санының көбейуі; - ОПҚ-ның тағылымдамадан және біліктілік арттыру курстарынан өтуі; - ОПҚ-ның студенттердің спорттық жарыстарына жетекшілік етуі.	- Ағылшын тілін меңгеру туралы (IELTS (6,0), TOEFL PBT) сертификаттар ОПҚ кейбіреулерінде ғана болуы; - ҚР ҒжЖБМ грифімен жарияланған оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың аздығы; - ОҚПУ Хабаршысында жариялау көрсеткішінің төмендігі; - Ғылыми мақалаларға сілтеме жасалынуы Хирш индексінің аздығы; - ОПҚ-ның Республикалық және халықаралық гранттық қаржыландыру, шаруашылық келісім-шарттар бойынша және ынталы жоба жұмыстарының орындалуына қатысу деңгейінің төмендігі; - Патенттер және алдыңғы патенттер, инновациялық патенттер, авторлық туындылар (өнертабыстарды), зияткерлік меншік объектілерінің мемлекеттік тіркелулерінің төмендігі; - Инновациялық, қосдипломдық БББ жоқтығы, ОПҚ-ның жаңа пәндердің оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқу процесіне енгізу аздығы.
Мүмкіндіктері	Қауіптілігі
- Министрлік тарапынан Web of Science, Scopus, Elsevier базасындағы ғылыми журналдар мен жинақтарда мақалалар жариялауға қолдау көрсетілуі; - Бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялау еркіндігі; - ОПҚ-ның ҚР білім беру қызметіне қатысуы (оқулықтар авторлары, мектептермен бірлесе жұмыс істеу, оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік жасау, олимпиадаларға әділ қазылық ету, біліктілік көтеру) ; - Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен пәндік олимпиадасына жетекшілік ету және жүлделі орын алу.	- Кейбір ОПҚ-ның өз міндетін атқаруда төмен жауапкершілік көрсетуі; - Ғылыми дәрежелі оқытушы-профессорлардың рейтинг көрсеткіші төмен болуы; - Тәрбие және жастар саясаты бағыты бойынша оқытушы-профессорлардың рейтингке қатысу дәрежесі төмендігі.

ҰСЫНЫСТАР:

1. 1, 2 және 3-орындарды иеленген факультет декандары мен кафедра меңгерушілерін, алғашқы 10 оқытушы-профессорларын алғыс хатпен марапаттау.

2. Рейтинг нәтижесі бойынша оқытушы-профессордың жалақысына төмендегідей 4 категорияға байланысты үстеме жалақы қосу:

- Рейтинг көрсеткіштері бойынша ең жоғары балл алған ОПҚ-ның саны – 1 (жоғары категория);
- Рейтинг көрсеткіштері бойынша 2-10 орын алған ОПҚ-ның саны – 9 (бірінші категория);
- Рейтинг көрсеткіштері бойынша 11-20 орын алған ОПҚ-ның саны – 10 (екінші категория);
- Рейтинг көрсеткіштері бойынша 21-40 орын алған ОПҚ-ның саны – 20 (үшінші категория);
- есептелген үстемелер штат бірлігіне қарай есептемеу.

3. Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері оқытушы-профессорлардың рейтингтік көрсеткіштері бойынша SWOT талдауда аталған әлсіз және қауіпті мәселелерге назар аударып, ұжымға нәтижелерін жеткізіп, алдағы уақытта жетілдіру мен дамыту жұмыстарын жасау.

4. Рейтинг анықтау жұмыстарына қатыспаған және төмен көрсеткіш көрсеткен оқытушы-профессорлармен кафедра меңгерушілері жұмыс жүргізу қажет.

**Аккредитация және мониторинг
бөлімінің басшысы**

А. А. Турлыбекова